

халыққа жанашырлығын, ұлт мүддесіне адалдығын айқын көрсетіп тұр емес пе?!

Болмысы бөлек Ыбырай бабамыздың тұлғасы жайындағы аз-кем сөзімізді оның шәкірттерінің: «Алтынсариннің ісінен бүкіл халықтың сипатын, оның рухы мен ақылын, адамгершілігі мен мінез-құлқын, тұтас алғанда, оның барлық бейнесін көреміз» деген сөздерімен түйіндегіміз келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. **Серікбай Оспанұлы.** Сөнбес шырақ. Қостанай, 2016, 14-бет.
2. **Қажым Жұмалиев.** Ы.Алтынсарин – педагог-жазушы. «Ыбырай Алтынсарин тағылымы» кітабынан. Алматы, 1991, 251-бет.
3. **Биалаш Сүйінкина.** Ы.Алтынсарин – кәсіптік білімнің негізін салушы. Қостанай, 2017. 43-бет.

ӘОЖ 37.01

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫСЫ

Сыздықова С. А. – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Мемлекеттік тілде оқытатын дарынды балаларға арналған «Зерде» мамандандырылған жалпы білім беру мектебі, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы.

Бұл мақалада қазақ халқының мәдени, экономикалық жағынан дамуы жолында күресуші көшбасшы, тұңғыш қазақ педагогы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаушы, оқытушылықты аса шебер, өнерлі түрде қалыптастырушы тұлға екені айтылады.

Кілт сөздер: педагог, ағартушы, мектеп, қазақ, көшбасшы, ұстаз, балалар әдебиеті, оқу, мәдениет, жастар.

Балаға жастай дұрыс тәрбие беру – бүкіл дүниежүзіндегі педагог ғалымдардың ескі замандардан бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселелердің бірі десек, ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы тұңғыш қазақ педагогы Ыбырай Алтынсарин деп толық айта аламыз.

Қазақ халқының ұлттық мектебінің қалыптасуында, мәдени өркендеуінде өшпестей із қалдырып, тарих төрінен орын алған ардақты тұлғалардың бірі – Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына дәлме-дәл келіп отыр.

Белгілі академик-ғалым, әдебиет зерттеушісі Қажым Жұмалиев былай дейді: «Ыбырай Алтынсариннің өз халқын оқуға, өнерге үндеуі, надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның шығармашылығының халықтық жағы десек,өзі қазақтың қазіргі ержеткен проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушы болды» [1,4-бет].

Халық арасында «Ұстаздардың ұстазы» деген құрметті атаққа ие болған Ұлы тұлға Ыбырай Алтынсарин өз заманында екі түрлі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойған: біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халықты ағарту жұмысы болса, екіншісі – халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері.Өзінің алғашқы қадамында-ақ ол мектептің рөлін бірінші орынға қойғанын көре аламыз. Оған филология ғылымдарының докторы, профессор, академик, әдебиет зерттеушісі Қажым Жұмалиевтің зерттеу еңбегінде келтірілген мәлімет айқын дәлел. 1871 жылы 31тамызда Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Қазақтардың білімге қол жеткізетін ең басты құралы – мектеп. Бірақ даладағы мектептер шашылыңқы, сондықтан әлі де пайда бола алмай отыр, әйтсе де олардың үміт күтері – мектеп, тек қана мектеп және қазақ халқының болашағы да мектептермен байланысты» – деді. [1,4.].

Ағартушы-ұстаз Ыбырай Алтынсариннің білім беру жолындағы алғашқы қадамдарының бірі – 1879 жылы қазақ балалары үшін мектептер ашуды қолға алуы, ал екіншісі – орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын қажет деп санауы.

Ең алдымен, ол облыс, уез орталықтарында училищелер ашуға шешім қабылдады. Содан кейін Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі сыныптық орыс-қазақ мектептерін ашты. Бұдан кейін болыстық бастауыш мектептер ашу ісін қолға алды. Ыбырай Алтынсариннің ұсынысымен 1888 жылы 10 сәуірде Орск қаласында қазақ бастауыш мектептеріне мұғалімдер даярлайтын мектеп ашылды. Оған Торғай, Ырғыз қалаларындағы орыс-қазақ училищелерін жақсы бітірген жастар алынды. Ы.Алтынсарин қазақ жастары арасынан экономика саласына мамандар әзірлеу ісіне мән беріп, қолөнер, ауылшаруашылығы училищелерін ашуға көп күш жұмсады. Торғай қолөнер училищесін ұйымдастырды.Ырғызда қазақ қыздары үшін жанында интернаты бар мектеп ашылды[4].

Ағартушы Ыбырай Алтынсариннің қазақ балаларының таным-түсінігіне лайықтап жазған оқу-әдістемелік құралдары таптырмас еңбектер болғаны айқын. Солардың ішінде 1879 жылы жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы мен дидактикалық оқу мәселесі жөнінде «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты еңбегін ерекше атап кетуге болады. Бұл кітаптар қазақ балаларын кириллица негізінде оқытуға арналған тұңғыш оқу құралдар болғаны сөзсіз. Ағартушы-ұстаз өзінің «Қазақ хрестоматиясы» құралын жазып шыққан кезде былай деген: «Тұңғыш рет шыққалы отырған еңбек болғандықтан бұл хрестоматияның кейбір кемшіліктері болуы да мүмкін, бірақ сонда да бұл кітап ізсіз қалмас, тұңғыш оқу кітабы ретінде, көздеген мақсатына жетер деген үміттемін...» [2,28-бет].

Ағартушы балаларды оқу-білімгешақырып, хрестоматиясына енгізген шығармаларымен еңбекті сүюге, өнерге ұмтылуға, Отанын, елін, жерін сүюге, талаптылық, адамгершілік, қайырымдылық, жинақылық сияқты басқа да жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуді көздейді. Жалқаулық пен надандық секілді жаман қасиеттерді сынап отырып, балалардың осылардан аулақ болуына жол көрсетеді. Негізі Ыбырайдың хрестоматияға енгізген шығармаларының барлығы дерлік оқырманын адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, әділдікке, жақсылыққа шақырып тұрады. Мысалы автор өзінің «Бақша ағаштары» әңгімесінде тәрбиенің не екенін қарапайым ағаштармен-ақ сипаттап береді. «Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен?» – деп сұраған баласына атасының «Ата-анаңның тілін алсаң, ана ағаштай тұзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең де сен де мына қисық ағаштай бағусыз боласың. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен. Бағып-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен – жас ағашсың, саған көп күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, тұзу кісі болып, өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің» – деп берген жауабы – ғажап салыстыру. Бұл әңгіменің ата-аналар үшін де, оқушылар үшін де тәрбиелік мәні өте зор. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға соғады. Ыбырайдың бұл әңгімесі мектеп балаларын тәрбиелеуде қазір де басшылыққа алатын басты ұстаным болып саналады. Ендігі «Асыл шөп» деген әңгімесінде Зылиха мен Бәтима дейтін екі кішкене қыздың оқиғасын өрбіте отырып, «сабыр түбі – сары алтын» екенін әңгімелейді. Ал «Бір уыс мақта» әңгімесіне келер болсақ, баланы ерте жастан еңбекке бейімдеу дағдылары сөз болады. Табиғатты қорғауға байланысты жазылған «Таза бұлақ», «Өрмекші», «Құмырсқа мен қарлығаш» әңгімелері балаларға қоршаған ортаның тазалығын сақтау мақсатындағы «обал-сауап» ұғымының мәнін түсіндіріп, экологиялық түсініктерін қалыптастырады [2,32].

Бұлар – мәңгілік өміршең еңбектер. Себебі, ұлы ұстаздың осы шығармалары қазіргі заманның балаларын тәрбиелейтін нағыз құралы деп атай кетуге болады. Ол оқыту әдістерін жаңа бағытта құрып, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздеген. Оқуды ана тілінде жүргізіп, қазақ балаларының сауат ашып, білім нәрімен сусындауына өз үлесін қосқан. Оқу, оқыту мәселесіне әркім әр түрлі қараған сол уақытта халыққа бала оқытудың пайдасын түсіндіруге көп күш салады. Оның басты мақсаты сол кезде ашылған мектептерде балаларға қазақ тілінде сабақ беріп, пән негіздерінен білім беру болады.

Ол жаңашыл ағартушы, үлкен жүректі ұстаз ғана емес, інжу-маржан жырлары мен әңгімелерін ұрпақ тәрбиесіне жарата білген дарынды ақын әрі жазушы болды. Ұлттық өркениетке бастайтын тек білім екенін терең сезіне білген дала ұстазы қазақтың кең байтақ жерінде алғаш қоңырау соғып, жас ұрпақты оқыту ұранын көтере білді. Жасөспірімдерді «Кел, балалар, оқылық! Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық» – деп жаппай оқуға, білім алуға шақырды.

«Өнер-білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды» – деп өнер-білім, техниканы меңгеруге шақыруы, «Оқысаңыз, балалар, шамнан шырақ жағылар. Тілегенің алдыңнан іздемей-ақ табылар» – деп оқу-білімнің пайдасы, оның өмір үшін, болашақ үшін қажет екенін талдап көрсетуі бұл күнде ұстаз арманының толық орындалғанын айқындай түскендей.

Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар, адамгершілікке, махаббат-достыққа, еңбекке, жігерлілікке, халқын сүюге, қысқасын айтқанда, «адам» деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді және жастарға бала кезінен дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын жақсы ұғынды. Сондықтан ол өзінің оқытушылық, ақындық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды [1,6-бет].

Табиғат көріністерін жеке алып, нақты суреттеу Ыбырайдың лирикалық өлеңдерінен басталады. Ақын өзінің «Жаз», «Өзен» атты өлеңдерінде жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін аса шеберлікпен сипаттап, жастарды табиғатты сүюге, туған жердің қадірін сезінуге, адамгершілікке шақырады:

...Көңілің суын ішсең ашылады,
Дененде бар дертіңді қашырады.
Өксіген оттай жанып жануарлар,
Өзеннен рақат тауып басылады.
Қынарда тілсіз тұрған тоғайлары
Шуылдап желмен бірге бас ұрады...[3,8-бет].

Ы.Алтынсариннің педагогикалық қызметіндегі тағы бір ерекше тоқталатын мәселе – оның қазақ қыздарына білім беру ісін қолға алуы. Мәселенің аса маңыздылығын, өзектілігін түсінген ол көп әрекет жасайды, бірақ патша өкіметі тарапынан үнемі кедергілерге ұшырап отырған. Дегенмен бұл

арманы да жүзеге асады. 1887 жылы қазақ қыздары үшін Ырғызда тұңғыш мектеп-интернат ашқызып, қыз балалардың да оқып, білім алуына жағдай жасайды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанда математикалық білім беру ісі жаңа мазмұн мен мағына тауып, жаңа бір арнамен дами бастайды. Бұл жалпы, Ресейде болған саяси экономикалық және мәдени өзгерістерге байланысты туған жағдай еді. Жер-жерде мектептердің ашылуы өзімен бірге қазақ даласына орыстың алдыңғы қатарлы ағартушылық-демократиялық және педагогикалық идеяларын ала келді. Бұл өз кезегінде қазақ халқының ағартушы қайраткерлері Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің және Абай Құнанбаевтың батыстың озық ғылым-білімін игеруге үндеген педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына игі әсерін тигізді. Қазақ ағартушыларының педагогикалық көзқарастары Қазақстан жерінде әдістемелік-математикалық ой-пікірлердің де өріс алуына үлгі және негіз болды.

Қазақ халқының ұлы педагогы Ыбырай Алтынсарин – математиканы оқыту жөнінде де келелі пікірлер айтқан адам. Ақты математикадан оқу құралын немесе әдістемелік-математикалық еңбек жазып қалдырмағанымен, оның жазбаларынан, хаттарынан, есептерінен және т.б. шығармаларынан математиканы оқытудың кейбір дербес мәселелеріне қатысты айтылған ой-пікірлері кездесіп қалып отырады. Бастауыш математиканың көптеген терминдері ең алғаш қазақ тіліне Ы.Алтынсариннің еңбектері арқылы енді. Ағартушы ғалым Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып қызметке кіріскен 1879 жылдан бастап-ақ орыс-қазақ мектептерінде берілуге тиісті математикалық білім мазмұнын кеңейте түсуге айтарлықтай көңіл бөлген. Мәселен, ол 1879 жылы В.В. Катаринскийге жазған хатында былай дейді: «Менің қазақ балаларын оқыту жөніндегі жоспарым мынадай: 1-класс. Текшелер мен шоттар арқылы арифметикалық есептеулер жүргізу; 2-класс. Бөлшекке дейінгі арифметика». Ал бұған дейінгі 1874 жылы ашылған Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебінде математика арифметиканың төрт амалы көлемінде ғана оқытылған болатын. Математиканы оқыту жөніндегі өзінің жоғарыдағы жоспарын жүзеге асырғандығы Ыбырай Алтынсариннің 1882 жылғы Торғай облысындағы оқу жұмысының жайы туралы есебінен де аңғарылады. Мұнда ол: «Торғай, Троицк және Ырғыз училищелерінің ересек оқушыларына қазірдің өзінде география, сызу, тарих және бөлшекке дейінгі арифметика (бөлшектерді қоса алғанда) оқытылады» – деп хабарлайды. Ы.Алтынсарин орыс-қазақ мектептері үшін математика оқулықтарын таңдап алуға зор маңыз беріп, сол кездегі орыс бастауыш мектебінде қолданылып жүрген оқу құралдарының ең жақсыларын енгізуге тырысты. Мысалы, өзі инспектор болып келгенге дейінгі қолданылған Левеннің арифметикасының орнына украин педагогы Т.Лубенецтің оқулығын ұсынды [1, 14-бет].

Ұлы ағартушы есеп шығару мәселелеріне де үлкен мән берген, есептің мазмұны балаға таныс оқиғалардан алынғаны дұрыс деп есептеген. Сондай-ақ ол есептер шығаруды оқып-үйрету қарапайымнан күрделіге, оңайдан қиынға көшу принципіне негізделуі керектігін ерекше қадап айтады. Ағартушының қазақ тіліндегі математика терминдерін қалыптастыруға қосқан үлесі де – ерекше көңіл аударарлық мәселе. Ол бірінші болып миллионға дейінгі сан есімдердің қазақша-орысша сөздігін жасаған. Оның еңбектерінде арифметика, минут, шақырым, пұт, аршын, т.б. терминдер көптеп кездеседі. Бастауыш математиканың көптеген терминдері ең алғаш қазақ тіліне Ы.Алтынсариннің еңбектері арқылы енген.

Ыбырай Алтынсарин жазба әдебиетіміз тарихында балалар әдебиетінің негізін салушы дара тұлға болды. Оның шығармаларының құндылығы – бесіктен бел асқарға дейінгі өміршеңдігінде. Сол себепті де өткен ғасыр қойнауындағы Ыбырай Алтынсарин мұраларын бүгінгі күннің таптырмас қазынасы қазақ тәлім-тәрбие бастауының алтын діңгегі деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. **«Ыбырай Алтынсарин туралы»**, Аңыз адам журналы №17, 2013 ж.
2. **Ыбырай Алтынсарин «Таза бұлақ»** / Алматы, 2008 ж.
3. **Ыбырай Алтынсарин «Кел, балалар, оқылық»** / Алматы, 2014 ж.
4. **Т. Мұратбай «Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері мен олардың тәрбиелік мәні»**, Қазақ тілі мен әдебиеті журналы №3, 2017 ж.
5. **А. Кайрлиева «Ыбырайдың әңгімелері»**, Қазақ тілі мен әдебиеті журналы №8, 2019 ж.
6. **М. Ажмұратова «Қыпшақ-Сейітқұл»** әңгімесі, Қазақ тілі мен әдебиеті журналы №6, 2019 ж.